

4. Халмурадов Р.И. Высшее образование: критерии и показатели качества // Высшее образование сегодня. 2019. № 4. С. 10–17
5. Сведения о конкурсе и проходных баллах по направлениям образования, по результатам проведенных тестовых испытаний по приёму в бакалавриат высших образовательных учреждений // Портал открытых данных Республики Узбекистан.
6. Алтбах П.Г. Глобализация и университет: мифы и реалии в мире неравенства // Alma mater (Вестник высшей школы). 2004. № 10, 11. С. 39–45
7. Положение о порядке и правилах приема студентов в бакалавриат высших образовательных учреждений РУз. Приложение № 1 к Постановлению КМ РУз от 12.07.1999 г. № 342

АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕҢГЕРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Жалелова Гаухар Ибатовна

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің,

“Әлем тілдері” кафедрасының аға оқытушысы,

Ақтөбе, Қазақстан

E-mail:gaukhar.zhalelovamail.ru

Қазіргі заман талабы білікті азамат, білімі жоғары, шет мемлекеттердің білім стандартына бәсеке бола алатын маман даярлап шығаруды талап етуде, сондықтан елімізде шет тілін меңгеру жоғары деңгейде қарқындап отыр. Ендеше, еліміздің қолға алған алғашқы мақсатының бірі үштұғырлы тіл мәселесіне орай ағылшын тілінің даму аясы ерекше көрініс тапты. Әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру еліміздің, ұлттың бәсекеге қабылеттілігін шыңдай түседі. Ағылшын тілін меңгеру- уақыт талабы. «Ағылшын тілі –XXI

ғасырдың тілі . Бұл тіл қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл» - деген еді. Жаһандану дәуірінде көштен қалмай үзентілес келе жатқан еліміз әлеуметтік – экономикалық және мәдени жаңарулар мектептегі пән ретіндегі оқытылы отырған ағылшын тілі пәнінің өрісін кеңейтті. Егемендік алған жас мемлекетті әлемге танытуда халықаралық қарым-қатынастар көбейе түскендіктен ағылшын тіл мамандары көптеп қажет болды. Жылдан – жылға ағылшын тіліне ықыласы артқан адамдар саны көбейе бастады, шет тілін жаппай меңгеру кезек күттірмес мәселеге айналды. Осыған орай «Жаңа әлемдегі – Жаңа Қазақстан»-атты жолдауында үштұғырлы тіл мәселесіне көп көңіл бөлген, ашып айтсақ « Қазақстандықтардың жаңа ұрпағы кем дегенде үш тілді меңгеруі керек қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде еркін сөйлеуі шарт. Көптілділік біз үшін қалыпты жағдайға айналуы керек . Еліміз бүкіл әлемге үш тілді еркін пайдаланатын, жоғары білімді ел ретінде танылуы тиіс» - деген болатын. Демек тіл кез-келген танымдық іс-әрекеттердің құралы, ойлаудың формасы тілдік дамудың негізі болып саналады.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы барысында орта білім берудің жүйелі реформалануы қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие. Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың және бір маңызды сипаты қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттілігінен туып отыр. Ағылшын тілі – халықаралық тіл. Ағылшын тілі қазіргі таңда халықаралық қарым-қатынас тілі және де дүние жүзіне кең таралған тіл болып танылады. Ағылшын тілін білген адамға болашақта мүмкіндігі зор сондықтан оны көптеген елдерде үйретудің маңызы зор. Дамыған елу елдің ішіне кіру үшін бәсекеге қабілетті жан-жақты дамыған маман дайындауға көп мән беруде. Қазіргі кезде бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін үш тілді жетік меңгеру керек сондықтан елімізде ағылшын тілін үйретуде көптеген жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, ағылшын тілін бастауыш сыныптан бастап оқытудың маңызы зор себебі, бала жастайында тез қабылдайтын болғандықтан оған тілді үйрену жеңіл болады.

Мектептерде оқу сапасын жақсартуда әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, өз деңгейінде нәтижелі беруде. Елімізде білім беру саласында қазір демократияландыру, ізгілендіру іске асырылуда. Шетел тілі ана тілімен қоса оқушының сөйлеу қабілетін және жалпы дамуын ғана жетілдіріп қоймайды, оны өзін қоршаған айналасындағы адамдармен қарым – қатынас мәдениетіне де үйретеді. Оқушының шетел тілінде сөйлеу қабілетін жетілдіру мектепте берілетін білім мазмұнының негізгі мақсаты болып табылады, оқулықпен және басқа оқушылармен қарым – қатынас барысында оқушы барлық пәндерді меңгереді. Шетел тілін оқушыларға үйреткенде біз оларға басқа халықтың мәдениетіне әрі дүниежүзі мәдениетіне жол ашамыз, басқа халықтармен қарым–қатынас жасауға мүмкіндік туады. Шетел тілінің қызметі – оқушыларды өздері үйреніп жатқан тілде сөйлейтін халықпен түсіністік, ортақ көзқарас орнатуға дайындап, тәрбие, білім беріп әрі жеке басын, өмірге көзқарасын жан – жақты дамыту. Шетел тілі пәні бойынша білім мазмұнына тақырыптар, қарым – қатынас ситуациялары, мәтіндер, тілдік материалдар; лексикалық, грамматикалық, фонетикалық, практикалық біліктер, сөз әдептері, оқу әрекетінің тиімділігін іске асыратын жалпы оқу білік дағдылары жатады. Мектептерде жаңа буын оқулықтарын пайдаланудамыз. Оқушыларға оқулықтар ұнайды, себебі олар қабылдауға жеңіл, қызықты материалдармен қамтамасыз етілген, тапсырмалары әр деңгейге лайықтап, қиындатылып берілген. Жаңа буын оқулықтары жаңа технологияны басты назарға алып отырып құрылған. Бұл оқулықтардағы материалдар әлімдік деңгейдегі проблемалардан хабардар болуға, оларды шешудің жолдарын табуға, өз еліміздің тарихымен, салт – дәстүрлерімен байланыстырылып құрылған. Қандай тілде болмасын оқу, жазу, сөйлеу, тыңдау дағдыларын дұрыс іске асырғанда ғана мақсатқа жетуге болады емес пе? Мысалы, мәтін оқыған кезде ашық жауап, дұрыс – бұрыс жауап таңдау сұрақтары, кім? не? сұрақтары, тақырыпшаларды параграфтармен, суреттермен байланыстыру, мәтіннен қателер табу, бос жерлерді, таблицаларды толтыру, мәтіндегі сөздер мен тіркестердің мағынасына тоқталу, мазмұны туралы пікірін

білдіру, байланыс тіркестерін табу сияқты тапсырмаларды орындау арқылы кез-келген дәрежедегі мәтіндерді қызығушылықпен меңгеріп, еске сақтауға жағдай жасалады. Сонда ғана оқу стратегиясы жүзеге асырылады. Берілген мәтіннен кейінгі жаттығулар оқушылардың қабілетіне, білім деңгейіне қарай құрылған. Жаңа тақырыпты өткенде жаңа сөздерге көп көңіл бөлемін. Сөзден сөз тіркестерді, сөйлемдер құрылады, сондықтан оқушының жаңа сөзді дұрыс қабылдап, ойына сақтау барысында әр түрлі ойындар жүргіземін. Ойын оқушының тілге деген қызығушылығын арттырады және оқушыны тілді үйренуде жақсы жетістіктерге жеткізеді.

Білуімізше, тілді оқыту күрделі әрі қиын үрдіс, шет ел тілін үйретуде студенттердің өз өмірлерінде болып жатқан құбылыстарға зейін қою арқылы қабылдауын арттыру. Шетел тілін оқыту үрдісінде басқа елдің мәдениетін тану арқылы тұлға ретінде қалыптасады. Өзін-өзі оқыту электрондық, видео, аудио құралдар арқылы елеулі рөлге ие болады. Лингвистикалық, философиялық, социологиялық, физиологиялық, психологиялық пайымдау тілдің шығуының жалпы проблемасы. Антикалық философиялық дәстүрде тілдің шығуының екі негізгі теориясы: фюсей теориясы- тіл табиғи жолмен қалыптасты (Луcreций Кар), екіншісі Тесей теориясы-жасанды жолмен қалыптасқан. (Демокрит) [5]. Бірнеше тілдерді білу адамның мәдени деңгейін сипаттайтын нақты көрсеткіш. Ана тілін бағалау және жаңадан білу мүмкіндігі туады. Оған көптеген ойшылдар назар аударды. И.В. Гетенің пікірі бойынша «өз тіліңді білмей, өзге тілді білу мүмкін емес». Өзге халықтың тілін меңгеру-рухани өмірін, оның психологиялық тереңдігін танудың тиімді құралы. серия ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ 43 Тіл мамандарын дайындауда мәдени диалог оқытушылар мен мамандардың ізденудің ұтымды жолы. Оқу үрдісінде «окультурация» жүреді, шет тілдерінің мәдениетінің құрамына кіру оқу үрдісін тиімді етеді. Бұл тәсіл мамандардың дайындығын тиімді етуге, маңызды мөлшерде шекарасын кеңейтуге мүмкіндік береді, тілдік дағдыны және шеберлікті байытуда, сол елдің әдет-ғұрпын және дәстүрін оқуда қолданады. Шетел тілін мектепте және жоғары оқу орындарында

оқу қазіргі кездегі білім алуға және өркениетке тән құбылыс, әлеуметтік қажеттілік.

Көптеген дамыған әлем елдерінің мақсаты: екі немесе үш тілде оқыту, атап айтқанда, ұстаздар және қоғам қайраткерлері азаматтың әлемдік қоғамдастық пен мәдениетін кеңейту шегін тек қана біздің елімізде ғана емес өзге елдерде жұмыс іздеуді жеңілдетеді. Кең көлемде таралған екі тілділік білім ана тілімен қатар шетел тілі саналады [6]. Қазақстан Республикасының Президентінің жыл сайынғы халыққа жолдауында мемлекетте үш тілділік саясаттың жүргізілуі туралы хабарлады. Ол жолдауында әрбір қазақстандық кем дегенде үш тілді меңгеруі тиіс, Қазақстан барлық әлемде жоғары білімді ел ретінде халқының үш тілді білетіні ретінде танылуы тиіс, ол қазақ тілі мемлекеттік тіл, орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі, бір шет тілі табысты жаһандану экономикаға кіру. Ел басы алдымызға кезекті міндеттерді көп салалы мәдени және көп тілді тәрбиелеуде кезекті міндеттерді қойды. Өзін-өзі жетілдіру, шамалы еліне пайда келтіру адамдардың алдында үлкен мүмкіндік ашады. Назарда шетел тілін оқыту барысында тіл арқылы әлемдік мәдениетті тану, тіл арқылы әрбір студент өз кезегінде ұлтаралық келісім, өз мәдениетін, ұлттық мәдениетін, құндылығын бағалайды. Ғылым мен білімнің тығыз сабақтастығы отандық және әлем мәдениетіне баурау қазақ халқы және басқа халықтардың оқыту мәтіндері, тарих, әдет-ғұрып, дәстүр, мемлекеттік тіл мен орыс тілі, шетел тілдерін білу арқылы жасалады [7]. Қазіргі таңда шетел тілі жалпы деңгейін мәдени кәсібін көтеру халықаралық байланысты жетілдіреді, халықаралық интеракция өкілі ретінде рухани құндылықтарға құрметпен қарауды қалыптастырады. Мәдени құндылықтармен алмасу шетел тілін оқыту арқылы жасалады. Бұл әр ел халқының рухани мәдениетінің элементтерінің кірігу формасының бір түрі. 21 ғасыр-полиглоттар мен көп тілді тұлғалар ғасыры. Шетел мәдениетін шетел тілін білу арқылы тануға болады. Жастарды өз тілін құрметтеу мен қатар шетел тіліне де құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

Қорытындылай келе, ағылшын тілі – байланыс тілі. Ағылшын тілі қазіргі заман талабына сай, кең ауқымда қолданылатын тіл. Жаһандық экономикадағы тіл десек, кем түспес едік. Ағылшын тілі заманымызда өте маңызды орын алып отыр. Халықаралық сипаттағы ағылшын тілінің рөлі, қазіргі ХХІ ғасырда тереңдетілген, маңызды рөл болып саналуда.

Әдебиеттер:

1. Шетел тілін оқыту әдістемесі №4 (48) 2012

2. Сабитова М.Р. Аударма және мәдени аралық қарым-қатынас Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары «Халықаралық қатынастар: теория-практика-ізденіс». - Алматы: Абылай хан атындағы ҚазГУ МО и МЯ, 1999.- 458 б. 2. Маслова В.А. Лингвомәдениеттану: Жоғары оқу орындары студенттеріне арналға Меңгеруші: / 3. Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері журналы, 2013ж, №6, 25-бет [1].